

Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім министрлігі
«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті КеАҚ
8D02304 – Филология білім беру бағдарламасы бойынша философия
докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған
Кенбаева Айнұр Зинеловнаның «Түркі халықтары фольклорындағы
топонимдердің типологиясы мен поэтикасы» тақырыбындағы
диссертациясына

ІШКІР

Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның замануи ғылым мен тәжірибе үшін маңызы. Қандай да болмасын ғылым саласы өз алдына томаға тұйық дамымақ емес, оның көкжиегін кеңейтетін нәрсе басқа ғылым салаларымен байланыста дамуы болмақ. Осындай байланыстылық негізінде жаңа танымдық дүниелер ашылып, жаңадан өркен салатын жанрлар ғылыми айналымға енеді. Сондай соны сүрлеу салынған жанрдың бірі – топонимдік фольклор саласы.

Фольклор да, топонимика да өз алдына дербес ғылым салалары, солай бола тұрғанымен екеуі де халық шығармашылығының өнімі ретінде бір арнаға тоғыса ұлттық руханиятты дамытуға, жетілдіруге, қалыптастыруға қызмет ете алады. Бұл ретте фольклорды таза халық шығармашылық өнері десек, топонимка де өзінің поэтикалық сипаты жағынан халық шығармашылығының өнімі болып табылады. Міне, осы мәселені диссертант диссертациясының бірінші бөлімінде айта келіп, топонимдік фольклор жанрының қалыптасуының алғышарттарын атап көрсетеді. Топонимдік фольклордың жанрлық ерекшелігін жан-жақты талдап, атқаратын қызметін саралайды. Диссертанттың бұл ізденісі құптарлық. Себебі жаңадан қалыптасатын жанрдың өзіндік ерекшелігі мен функциясы басты мәселе болып табылады. Осы мәселені анықтап алғаннан кейін ізденуші түркі халықтарының топонимдік фольклорының типологиясы мен поэтикасына байланысты ізерлеу жұмыстарын жүргізеді.

Бұл ретте топонимдердің классификациясына және олардың фольклорлық сюжетке қатысына кеңінен тоқталады. Топонимдердің фольклор сюжеттерінің сенімді баяндалуына әсерін пайымдайды. Түркі халықтары топонимдік фольклорының поэтикасын нақты мысалдармен дәйектейді. Көшпенді өмір салтын ұстанған түркі халықтарының табиғатқа қатысы, сайын даланың әрбір бөлшегіне ат қойып, айдар тағудағы шеберлігін және осы атауларды поэтикалық тілмен бейнелеудегі, оларға қатысты неше түрлі аңыз, әпсана, хикаят туындатудағы өзіндік ұстанымдарын зерттеудің негізгі өзегіне алады.

Әлемнің топонимдік бейнесін құрайтын компоненттерді, яғни топонимдердің танымдық, эстетикалық, адрестік қызметтерін, сондай-ақ уәждік, деректілік сипаттарын диссертант дұрыс көрсеткен. Фольклор мәтіндеріне түскен топонимдердің басты қызметі – танымдық, себебі сонда ғана әлемнің, не болмаса белгілі бір құбылыстың, әйтеуір кеңістіктің бір бөлшегінің шындық

бейнесі танылады, айқын болмысы ашылады. Сонымен қатар топонимдер түркі баласына дархан далада адаспай жол тауып жүруіне де бағдар болады. Кейбір топонимдер халықтың поэтикалық зердесінен, әсем көкірек көзінен ерекше бір ықыласқа көмкеріліп шыққандықтан жеке тұрғанда-ақ әдемі, құлаққа естілуі әсерлі. Диссертант топонимдердің осындай эстетикалық қырларын да шет қалдырмайды, зерттеуіне өзек етеді. Сонымен бірге топонимдік фольклордың уәждік, деректілік сипаттарын да атап көрсетіп, бұл ерекшеліктердің бәрі топонимдік фольклордың поэтикасына оң әсер ететіндігін дәлелдеп көрсетеді. Тақырыптың өзектілігі және оның заманауи ғылым мен тәжірибе үшін маңызы да осында.

Докторанттың негізге алған басты ғылыми және әдіснамалық ережелері. Докторант фольклор мен топонимика ғылымдарының өзара тығыз байланыстылығын ашады. Бұл байланыстылықты түркі халықтары фольклорында көрініс беретін топонимдердің типологиясы мен поэтикасын зерттеу арқылы дәлелдейді. Түркі халықтарының ішінде қазақ, қарақалпақ, татар халықтары фольклорында қолданысқа түсетін топонимдердің танымдық, ақпараттық, эстетикалық және деректілік сипаттарын жан-жақты қарастырады. Топонимдердің эпос поэтикасында қолданылу ерекшелігін және оның түркі халықтарына ортақ мотивтерін зерттейді. Фольклор сюжеттерінде топонимдердің орын алуы жайлы айтылған С.Қасқабасов, Т.Жанұзақ, А.Сейдімбеков, М.Мырзахметов, Ш.Ибраев, Р.Бердібаев, Ж.Манкеева, Б.Рахимов, Ж.Аймұхамбет, А.Әбсадық сынды отандық ғалымдар; В.Никонов, Д.Ильин, В.Я.Пропп, В.Супрун, А.Биктимирова, Д.Алиева, Х.Толибаев т.б. шет елдік ғалымдардың еңбектеріне әдіснамалық негіз ретінде сүйенеді. Олардың тарапынынан айтылған пікірлерді саралап, ғылыми негізде сараптап, өзіндік ой-тұжырымын жасайды.

Докторанттың қол жеткізген ғылыми нәтижелері мен олардың дәйектілігі. Диссертант жұмысты орындау барысында түркі халықтарының топонимдік фольклорының қалыптасуының алғышарттарын анықтайды. Фольклордың да, топонимиканың да ғылым ретінде өзіндік жанрлық ерекшеліктері бар екендігін, бұл екі ғылымның өзара байланысы негізінде жана танымдық дүниелер туындайтынын нақты мысалдармен дәлелдейді. Топонимдік фольклордың жанрлық ерекшелігін, атқаратын қызметін, түркі халықтарының өнер, мәдениет айдынында, ұлттық руханиятында иеленер орнын дәйектейді.

Топонимдердің классификациясын жасап, фольклор сюжеттеріне ықпал-қатынасын зерделейді. Түркі халықтарының топонимдік фольклорын және оның типологиясы мен поэтикасын тұңғыш рет зерттеп, әлемнің топонимдік бейнесін сипаттап ашуға талпыныс жасайды. Сонымен бірге топонимдердің халық прозасы жанрларында қолданылуымен қатар эпос поэтикасында да қолданыс табуын, оның түркі халықтарына тән ортақ мотивтерін зерттеу де диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы болып табылады.

